

2026. 13 (1)

Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Asian Journal “Steppe Panorama”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 13. Is. 1, pp. 182-194, 2026
 Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_182-194

KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES

Orazgul Kh. Mukhatova^{1*}, *Seffat Duman*²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
 (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

*Correspondent author

²Istanbul Medipol University
 Doktor, Lecture with doctorate
 <https://orcid.org/0000-0002-5522-7267>. E-mail: seffatduman@gmail.com

© Ch.Ch. Valichanov IHE, 2026
 © Mukhatova O.Kh., Seffat D., 2026

Abstract. *Introduction.* This article examines Kazakh-Russian diplomatic relations in the late 17th and early 18th centuries. Diplomatic relations between the two countries resumed in the late 17th century, and especially in the early 18th century. When studying this issue within the context of international relations, the use of sources stored in the archives and libraries of the Russian Federation is of great importance. These sources provide unique information for determining the content and nature of the relationship between the Kazakh Khanate and the Russian state. Most of these sources have not been introduced into scholarly circulation in Kazakhstani historical scholarship, so the relevance of studying this issue based on new sources is undeniable. *Goals and objectives* of the study – to identify the development trends and characteristics of Kazakh-Russian diplomatic relations in the late 17th – early 18th centuries; to analyze the reasons for the development of Kazakh-Russian diplomatic relations in the early 18th century; to demonstrate the political relations between the Kazakh Khanate and the Russian state in the context of the Dzungar conquest of Kazakh lands. *Results.* This article, based on data from collections 122 and 130 of the Russian State Archive of Ancient Acts and a number of collections of documents and materials, reveals the direction, essence, content, and significance of Kazakh-Russian diplomatic relations in the late 16th – early 18th centuries. It is demonstrated that these sources provide new scholarly results and significant conclusions in the study of the history of Kazakh-Russian diplomatic relations during this period. Under threat from the Dzungar state from the late 17th – early 18th centuries, political relations between the Kazakh Khanate and the Russian state developed toward establishing mutually beneficial ambassadorial and diplomatic ties. In this situation, the rulers of both countries sought to normalize diplomatic relations and sent embassies. Tauke and Kaip Khans wrote letters to the Russian Empire, seeking to strengthen ties between the two states. During this period, the parties exchanged letters, promoting mutual cooperation and improving good-neighborly relations. *Conclusion.* Kazakh-Russian diplomatic relations in the late 16th and early 17th centuries had their own unique characteristics. The interests of both states were defined by the Dzungar conquests and foreign policy

positions aimed at establishing trade relations with the countries of the East. This can be seen as an important historical step toward deepening political and trade ties between the neighboring states. A study of this issue demonstrates that cooperation with the Russian Federation, a strategic partner and ally in the multi-vector policy of the modern Republic of Kazakhstan, has deep roots.

Keywords: Kazakh-Russian relations, diplomatic relations, embassy, Kazakh Khanate, Russia, Tauke Khan, Kaiyp Khan, M.P. Gagarin

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan titled «Unknown pages of the history of Kazakhstan's foreign policy in the late 16th – 18th Centuries (based on materials from foreign archives)» (registration number: AR 26194453).

For citation: Mukhatova O.Kh., Seffat D. Kazakh – Russian diplomatic relations of the late 17th – early 18th centuries // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 182-194. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_182-194

XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова^{1*}, Сеффат Думан²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

*Автор-корреспондент

²Стамбул Медипол университеті
Доктор, дәріскер-оқытушы
 <https://orcid.org/0000-0002-5522-7267>. E-mail: seffatduman@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мұхатова О.Х., Сеффат Д., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының тарихы баяндалады. XVII ғасырдың соңында, әсіресе XVIII ғасырдың басында екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар қайта жанданды. Мәселені халықаралық қатынастардағы ұстанымдар ауқымында зерделеуде Ресей Федерациясының архивтері мен кітапханаларында сақтаулы деректерді қолданудың маңызы зор. Бұл деректер Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы байланыстардың мазмұны мен сипатын айқындауда бірегей мәліметтер береді. Олардың көпшілігі қазақстандық тарих ғылымында айналымға енгізілмеген. Сондықтан да мәселені тың деректер негізінде зерттеудің өзектілігі дау тудырмайды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс дипломатиялық қарым-қатынастарының даму үрдісін және ерекшеліктерін айқындау; XVIII ғасырдың басында қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының өрістеу себептерін талдау; жоңғарлардың қазақ жерлерін басып алу жағдайындағы Қазақ хандығы мен Орыс мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстардың нығаюын көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада Ресей мемлекеттік көне актілер архиві 122, 130 – қорлары және бірқатар құжаттар мен материалдар жинақтарының мәліметтері бойынша XVII ғ. соңы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс дипломатиялық қарым-қатынастарының бағыты, мәнін, мазмұны, маңызы анықталды. Осы деректердің көрсетілген кезеңдегі қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының тарихын зерттеуде тың ғылыми тұжырымдар мен салмақты қорытындылар жасауға мүмкіндік тудыратындығы дәлелденді. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы Жоңғар мемлекеті тарапынан төнген қауіп жағдайында Қазақ хандығы мен Орыс мемлекеті арасындағы саяси қарым-

қатынастар елшілік, өзара тиімді дипломатиялық байланыстарды орнату бағытында дамыды. Қалыптасқан жағдайда екі ел билеушілері дипломатиялық қатынастарды реттеуге ұмтылып, елшіліктерді аттандырды. Тәуке, Қайып хандар Орыс патшалығына хаттар жазып, екі мемлекеттің арасындағы байланыстарды нығайтуға күш салды. Бұл кезеңде екі тарап та өзара ынтымақтастықты нығайту бағытында өзара хат алмасып, көршілік қатынастарды жақсартуға бет бұрды. *Қорытынды.* XVII ғасырдың соңы–XVIII ғасырдағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының өзіндік ерекшеліктері болды. Екі мемлекеттің мүдделері жоңғар жаулап басқыншылығымен және Шығыс елдерімен сауда байланыстарын орнатуға бағытталған сыртқы саяси ұстанымдарымен тығыз байланыста айқындалды. Бұны көршілес мемлекеттердің саяси және дипломатиялық байланыстарын тереңдетуге бағытталған маңызды тарихи қадам ретінде бағалауға болады. Аталған мәселені зерттеу заманауи Қазақстан Республикасының көпвекторлы саясатында стратегиялық серіктесі және одақтасы саналатын Ресей Федерациясының арасындағы ынтымақтастықтың тамыры тереңге тартатындығына көз жеткізеді.

Түйін сөздер: Қазақ-орыс қатынастары, дипломатиялық байланыстары, елшілік, Қазақ хандығы, Орыс мемлекеті, Тәуке хан, Қайып хан, М.П. Гагарин

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XVI ғ. соңы – XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы саясаты тарихының беймәлім беттері (шетелдік архив материалдары негізінде)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 26194453).

Дәйексөз үшін: Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басындағы қазақ-орыс дипломатиялық қарым-қатынастары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 182-194 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_182-194

КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.

Оразгуль Хасеновна Мухатова¹, Сеффат Думан²*

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(ул. Шевченко 28, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

*Автор-корреспондент

²Стамбул Медипол университеті
Доктор, лектор-преподаватель
 <https://orcid.org/0000-0002-5522-7267>. E-mail: seffatduman@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Мухатова О.Х., Сеффат Д., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье излагается казахско-русские дипломатические отношения в конце XVII – начале XVIII вв. В конце XVII века, и особенно в начале XVIII века, дипломатические отношения между двумя странами возобновились. При изучении вопроса в рамках международных отношений большое значение имеет использование источников, хранящихся в архивах и библиотеках Российской Федерации. Эти источники дают уникальную информацию для определения содержания и характера взаимоотношений Казахского ханства и Российского государства. Большинство из них не введено в научный оборот в казахстанской исторической науке, поэтому актуальность изучения вопроса на основе новых источников не вызывает сомнения. *Цель и задачи исследования* – определить тенденции развития и особенности казахско-русских дипломатических отношений в конце XVII – начале XVIII веков; анализировать причины развития казахско-русских

дипломатических отношений в начале XVIII века; показать политические взаимоотношения Казахского ханства и Российского государства в контексте джунгарского завоевания казахских земель. *Результаты.* В статье на основе сведений 122, 130 фондов - Российского государственного архива древних актов и ряда сборников документов и материалов раскрываются направленность, сущность, содержание и значение казахско-русских дипломатических отношений в конце XVI – начале XVIII в. Доказано, что эти источники позволяют получить новые научные результаты и весомые выводы в изучении истории казахско-русских дипломатических отношений в указанный период. В условиях угрозы со стороны Джунгарского государства с конца XVII – начала XVIII века политические отношения между Казахским ханством и Российским государством развивались в направлении установления взаимовыгодных посольских и дипломатических связей. В сложившейся ситуации правители двух стран стремились нормализовать дипломатические отношения и отправляли посольства. Тауке и Каип-ханы писали письма в Российскую империю, стремясь к укреплению связей между двумя государствами. В этот период стороны обменивались письмами, способствуя укреплению взаимного сотрудничества и улучшению добрососедских отношений. *Выводы.* Казахско-русские дипломатические отношения в конце XVI и начале XVII веков имели свои особенности. Интересы обоих государств были определены в контексте джунгарских завоеваний и внешнеполитическими позициями, направленными на установление торговых связей со странами Востока. Это можно рассматривать как важный исторический шаг на пути к углублению политических и торговых связей между соседними государствами. Изучение данной проблемы доказывает, что сотрудничество с Российской Федерацией которая является стратегическим партнером и союзником в многовекторной политике современной Республики Казахстан имеют глубокие корни.

Ключевые слова: Казахско-русские связи, дипломатические отношения, посольство, Казахское ханство, Россия, хан Тауке, хан Кайып, М.П. Гагарин

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Неизвестные страницы истории внешней политики Казахстана в конце XVI – XVIII веков (на основе материалов зарубежных архивов)» (регистрационный номер: AP 26194453).

Для цитирования: Мухатова О.Х., Сеффат Д. Казахско – русские дипломатические отношения конца XVII – начала XVIII вв. // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 182-194. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_182-194

Кіріспе

XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс қарым-қатынастары – отандық тарих ғылымында толыққанды зерттелмеген тақырыптардың бірі. Көрсетілген уақыттағы қазақ-орыс байланыстары Еуразия кеңістігіндегі халықаралық жағдайға байланысты дамыды. Бұл кезеңде Қазақ хандығы мен Орыс мемлекетінің арасындағы байланыстар алдыңғы уақыттармен салыстырғанда жанданып, елшілік қатынастар өрістеді. Дегенмен екі ел арасындағы байланыстар біртекті сипатта болмады. Қазақтардың оңтүстіктегі қалаларды жаулап алуы Бұхар билеушілерімен теке-тіреске әкелді. Мұның өзі көрші мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға әсерін тигізбей қоймады. Жоңғарлардың басқыншылығы Орал және Еділ өңіріндегі далалық жерлер, Сібір аумағы үшін күресті тудырды. XVII ғасырдың 90 жылдары Қазақ Ордасы Орта Азияның айтарлықтай бөлігін, Дешті-Қыпшақ кеңістігін уысында ұстады. Елдің мығым әскери әлеуеті, хандарының билігі ұтымды стратегиялық саясат ұстануға мүмкіндік тудырды. Алайда тарихи деректердің жұтаңдығынан мәселе үсірт қарастырылып келді. Советтік кезеңдегі ғылыми әдебиеттерде көбінесе сауда байланыстары қарастырылды. XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басындағы қазақтардың Сібір жерлеріне, Тобыл өңіріне шабуыл жасауы туралы жұмған ауыз ашылмады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақ-орыс қатынастары бойынша орыс деректерінің біразы жинақталып, жарық көрді. Алайда тың зерттеулер дүниеге келе қоймады.

Қазіргі уақытта тарихи шындықты жаңғырту мақсатында советтік кезеңде айтылмаған осындай мәселелерді тың деректер бойынша зерделеудің болашақ көршілес қатынастарды нығайтудағы маңызы зор. Бірқатар саяси, экономикалық одақтастыққа мүше Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы бейбіт, өзара ынтымақтастыққа негізделген тамыры терең байланыстардың тарихын тану болашақ көпвекторлы қатынастарды нығайту үшін қажет. Осыған орай оның өткенін, әсіресе қайшылықтарға толы XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс қатынастарын тың тарихи деректер бойынша зерттеудің маңызы зор. Мәселені шынайы әрі жаңа тарихи таным тұрғысынан зерделеудің көкейкестілігі дау тудырмайды. Соғыс ошақтары сөнбей, қақтығыстар мен мемлекетаралық кикілжіндер орын алған тұста бейбіт өмір сүру, қарусыздануға шақырған үндеулер заманауи әлем үшін өзекті бола түсуде. Аталған мәселені тың тарихи деректер негізінде талдау көрші екі ел арасындағы қатынастардың тарихынан, билеушілерінің саяси ұстанымдарынан тағлым алу дегенді білдіреді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік базасын Ресей мемлекеттік көне актілер архивінде сақтаулы Елшілік приказдар мен Елшілік кеңселердің қорларынан алынған 122 – Қырғыз-қазақ істері, 130 – Сібір қорлары істерінің құжаттары құрайды. Аталмыш қорларда мемлекетаралық елшілермен алмасу, сауда қатынастарын дамытуға бағытталған келіссөздер, Сібір жерлеріне шабуылдар туралы мәліметтер кездеседі. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басында Орыс үкіметінің қазақ даласына ұйымдастырған экспедицияларының жазбаларынан Қазақ ордасының сауда жолдары туралы қысқаша ақпараттарды табуға болады. «Дополнения к актам историческим собранные и изданные археографической комиссией» (Дополнения к актам, 1867), «Памятники Сибирской истории XVIII века» (Памятники, 1882), «Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР» (Материалы, 1932), «Международные отношения в Центральной Азии. XVII–XVIII вв.» (Международные отношения, 1989) атты құжаттар мен материалдар жинақтарында Қазақ хандығында болған орыс елшісі Вельямин Степановтың, Тәуке ханның ордасына келген тобыл казактары Федор Скибин мен Матвей Трошинның жазбалары, қазақ-орыс сауда байланыстары турасында ақпарат орын алған. «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг.» атты құжаттар жинағында қазақ хандары мен батырларының Ресей императоры І Петрге, Тобыл губернаторы М.П. Гагаринге жазған хаттары жинақталған (Эпистолярное наследие, 2014). Аталған деректердің екі ел арасындағы саяси байланыстардың мәнін терең зерделеудегі маңызы зор.

Кез-келген халықаралық қатынастарды «өзара байланыстылық» және «қауіпті шекара», конструктивизм теорияларының ауқымында зерделеу ұтымды. Зерттеу тақырыбын «өзара байланыстылық» теориясына сүйене отырып зерттеу Қазақстан мен Орыс патшалығының арасындағы байланыстардың өзара тиімді қатынастар орнатуға бағытталғандығын дәлелдеуге көмектеседі (Медеубаева, 2006). Ал конструктивизм теориясы Қазақ хандығы мен Ресей патшалығын дербес әлеуметтік құрылыс, сол құрылымның өзіндік ерекшеліктері, сыртқы саясаты бар мемлекеттер түрінде түсінуге септеседі.

Зерттеуді аталған теорияларды тарихилық, объективтілік қағидаттарымен ұштастыра отырып зерделеу мәселені тарихи тұрғыда, шынайы зерделеуге жол ашады. Мұнымен қоса талдау, сипаттау, ретроспективті, қорыту әдістерін қолдану зерттеудің нәтижелерін салмақты да салиқалы етеді.

Талқылау

XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеу революцияға дейінгі, советтік және постсоветтік кезеңдерде айтарлықтай зерттелді. Революцияға дейінгі кезеңде көбінесе құжаттар түріндегі жинақтар шығарылды. Зерттеушілер қазақ-орыс қатынастарын Ресейдің Бұхар, Парсы елдерімен байланыс астарында үстірт қарастырды. Г.Ф. Миллер «Сібір патшалығында» болған оқиғаларды, орыс-қазақ қатынастарын баяндады (Миллер, 1787). Г. Спасский Сібір және онымен шектес елдер туралы

тарихи, статистикалық және өзге де мәліметтерді жинақтады (Собрание, 1818). XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ даласы, Орта Азия және Солтүстік Қытай жөнінде барлаушылардың, жолжазбалардың, Батыс Сібір казактарының және өзге де Сібір қызмет адамдарының зерттеулері бойынша дайындалған Г. Е. Катанаев еңбегі атап өтуге тұрарлық (Киргизская степь, 1893). Қазіргі уақытта бұл еңбектердің тарихнамалық деректен гөрі дерек ретіндегі маңызы айтарлықтай.

Отандық ғылымда XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басындағы қазақ-орыс қатынастарының тарихы арнайы зерттелмеді. Советтік тарихшылар көбінесе екі мемлекет арасындағы «ұлы достықтың бастауын» Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы ауқымында зерделеді. Қазақ-орыс дипломатиялық қарым-қатынастары Қазақ хандығы, Ресей мемлекеті, Бұхар арасындағы сауда байланыстары қарастырылған еңбектерде үстірт көрініс тапты. Мысалы, С.К. Ибрагимов XVIII ғасырдағы қазақтардың сыртқы сауда байланыстарын зерттеген еңбегінде Қазақ хандығының Орыс мемлекетімен дипломатиялық қатынастарына тоқталып кетті (Ибрагимов, 1958). К.К. Жамалов XVII ғасырдағы Орта Азия мен Ресейді байланыстырған сауда жолдарын зерделегенде көрші елдер арасындағы саяси қатынастарды қысқаша сипаттады (Джамалов, 1966). Осындай мазмұнда А.В. Панковтың еңбегі жарық көрген еді (Панков, 1927). А. Сабырханов XVI–XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ-орыс қатынастарын өз алдына жеке мәселе ретінде қарастырды (Сабырханов, 1970). Мәселені Ресей мен қазақ хандықтары арасында сауда, саяси және дипломатиялық қатынастар ауқымында зерделеген В.Я. Басиннің еңбегі басқа зерттеулермен салыстырғанда әлі күнге дейін қолданысқа ие (Басин, 1971). Қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарын жоңғар-қазақ қатынастарының аясында зерделеген В.А. Моисеев еңбегінің маңызы зор (Моисеев, 1991). Мәселе анағұрлым нақты әрі тереңірек Е.А. Княжецкаяның мақаласында көрініс тапты. Ол 1694–1696 жылдары Қазақ Ордасына келген елшілігін Федор Скибин елшілігін зерттеді (Княжецкая, 1980).

Постсоветтік кезеңде біз талдап отырған мәселе тарихшылар назарына ілінді. К.К. Әбуев қазақ-орыс қатынастарының қалыптасуы мен даму үрдістерін талдап, іргелі зерттеу жариялады (Абуев, 2016). XVII ғасырдың соңындағы, әсіресе Тәуке ханның билігі тұсындағы Қазақ хандығының Ресеймен дипломатиялық байланыстары зерделенген Н. Атығаевтың еңбегі атап өтуге тұрарлық (Атығаев, 2023). З.Е. Қабылдиновтың шағын зерттеуі Тәуке ханның ұстанған сыртқы саясатын бағалауға септеседі (Кабульдинов, 2001). Қазақ хандығының XVIII ғасырдың I жартысындағы сыртқы саясаты және дипломатиясы «Қазақстан тарихынан (XVIII–XIX ғасырдың басы)» атты ұжымдық зерттеуден көрініс тапты (Из истории Казахстана, 2020). Авторлардың тарихи деректерге сүйене отырып, «қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының қалыптасуы XVI ғасырдың соңындағы Тәуекел ханның бастамасымен Құл-Мұхаммед елшілігімен байланысты» деген пікірі отандық тарих ғылымында орныққан тұжырыммен үндеседі.

Ресейлік тарихшылар да атамашы мәселеге қызығушылық танытуда. Мәселен, В.Д. Пузанов XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдағы Орыс мемлекеті және Сібірдегі қазақтардың өзара байланыстарын арнайы зерделеді (Пузанов, 2017). Қазақ-орыс қарым-қатынастарының бастауынан Қазақ хандығының Ресей империясының бодандығына енген уақыт арасындағы саяси байланыстардың тарихына Р. Г. Буканова, Ю.В. Бондаренконың еңбегі арналды (Буканова, 2021). Мәселенің кең ауқымы және мерзімдік шегі XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс қатынастарын толық көрсетуге мүмкіндік бермеді. Советтік кезеңде жарық көрген Е.А. Княжецкая еңбегінің мазмұны И.П. Каменецкийдің мақаласында қайталанды. Ол да Сібір казагы Федор Скибиннің 1694–1696 жылдардағы Қазақ Ордасына елшілігін, олардың бастан кешірген оқиғаларын сипаттады (Каменецкий, 2025). Ағылшын тарихшысы Э. Аллворт Ресейдің Орта Азиядағы саяси мүддесін көрсетуде орыс-өзбек қатынастары ауқымында қазақ билеушілерінің ұстанымдарын қысқаша көрсетеді (Аллворт, 2017). Қысқаша тарихнамалық шолу XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастары тарихының үстірт зерделендігін айқындады. Себебі мәселе арнайы зерттеу нысанына және пәніне айналмаған.

Нәтижелер

XVII ғасырдың 20 жылдарынан 90 жылдарына дейін үзілген қазақ-орыс қатынастары оның соңына қарай қайта жанданды. Екі ел арасында дипломатиялық байланыстар дамыды. Қазақ хандығы Орталық Азияның айтарлықтай бөлігін, бүкіл Қыпшақ даласын бақылап отырды. Әскери әлеуеті және тоғыз жолдың торабында орналасуы оның көршілерімен салыстырғанда «саяси салмағына» әсер етті. Дегенмен Орыс мемлекетімен байланысын нығайтуға ұмтылған Қазақ хандығының жағдайы аландатарлық еді. Бұл уақыт қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісіп тұрған кезі болатын. Жоңғарлар Түркістанның шығыс аймағына қауіп төндіріп, біраз жерлерін басып алды. Жоңғарлардың жаулап алуынан ығысқан қазақтар Есіл, Ертіс өзендерінің орта және жоғарғы ағысындағы жерлерге жақындады. Осы аумақта қазақтарға қоныстар мен жайылымдар үшін күресуге тура келді. Осындай күрделі жағдайда Тәуке хан және қазақ сұлтандары Ресеймен қарым-қатынастарды реттеуге ұмтылды. Орыс мемлекеті де Тәуке ханмен келісімге келудің жолдарын іздеп, елшіліктермен алмасуды көздеді (Кабульдинов, 2001: 4). Діттеген мақсатына қол жеткізу үшін Тәуке хан 1691 жылы Тобыл мен Мәскеуге екі елшілікті аттандырды. Солардың бірін Келдей елші бастады. Сібір билеушілері Тәуке ханның елшілігіне жауап ретінде 1692 жылы Андрей Неприпасов бастаған топты жіберді.

1694 жылы Тәуке хан I Петрге Ресеймен достық қарым-қатынастарды сақтау және Тобылда ұсталған елші Келдей мырзаны босатуды ұсынған хат жолдады (Материалы по истории, 1989: 219). Себебі орыс билігі қазақтардың шабуылдарына қарсылық ретінде Келдей бастаған елшілікті тұтқындаған еді. Хатты Тайқұмыр Қолтыбайұлы Аталықов арқылы жіберген. Хатта игі істі атқару мақсатында екі адамды Тобыл уезіне жібергенін, біреуінің қайтыс болып, екіншісін – Келдей мырзаны ұстап қалғандығын, оның ұры емес елші екендігін, сол себепті патшадан оны босатуды өтінді. Келдей босағанша өзіне барған тобылдық орыс елшілерін ұстап отырғанын жеткізген. Екі ел арасында елшілер мен саудагерлер бұрынғысынша емін-еркін жүру үшін патшалардың қолдауының қажеттілігін баса айтқан. Бұдан кейін екі билеушінің атағына нұсқан келтіретін адамдардың өздеріне бағынғанын және істеген істерін мойындарына алғандарын қалаған. Осы орайда жас Қазы сұлтанның қарақалпақтармен бірге орыс жерлеріне шабуыл жасағанын, оған барып, ұрсып, істеген ісін бетіне басқанын қадап жазған. Тәуке хан өзінің ұрлық пен қарақшылық істерді қолдамайтындығын, екі мемлекет арасында мұндай келеңсіздіктердің орын алмағандығын қалайтындығын жеткізген. Хатта жазылғандардан өзгесін Тайқұмырдың ауызша айтатынын, оның сөзіне сенуін өтінген (Международные отношения, 1989: 219).

Тәуке ханның хатына жауап ретінде Орыс патшасы 1694 жылдың 4 сәуірінде казактар – Федор Скибин мен Матюшка Трошинді Қазақ Ордасына Тайқұмыр Аталықовпен бірге жіберді. Қазақ Еліне аттанған тілмаштар татар Оразай Шашқанов (деректе – Уразайка Чачканов), татар Таушко және тағы екі адаммен бірге 1693 жылы Жамыш көлінің маңында қолға түсіп, Тобылда ұсталып отырған Келдей елші де болды (Дополнения к актам, 1867: 375).

Тәуке хан өзіне келген елшілерге орын алған жағдайды толық баяндауды талап етіп, айтылғандардың барлығын мұқият тыңдайтындығын білдірген. Елшілер орыс патшасының сәлемін жеткізген кезде Тәуке хан бас киімін шешпей тыңдаған. Хан бұны «аяғынан тұра алмайтындығын, бас киімін де шешпейтіндігін, құдайға бас киіммен сыйынатындығын» айтқан (Дополнения к актам, 1867:379). Ханның бұл әрекетін ерсі көрген елшілер оған «Орыстың пашасының атынан Түрік сұлтанына, Қызылбас ханына және тағы сол сияқтыларға барған елшілерге ұлы мәртебелінің сәлемін жеткізген кезде олар орындарынан тұрып, бас киемдерін шешеді», - деп айтқан. Олардың айтқандарына Тәуке хан: «Түрік сұлтанының немесе Қызылбас шахының Тәуке ханнан несі жоғары? Олар да мен сияқты» - деп, жауап қайтарған. Ортағасырлардағы елшілік нормалары тұрғысынан келгенде Тәукенің әрекеті олармен үйлеспейді. Кез-келген билеуші басқа мемлекеттің атынан келген елшіні құрметпен қарсы алып, жағдайын жасап, шығарып салуы тиіс-тін. Ал Қазақ ордасының билеушісінің елшілерге құрмет көрсетпеуінің өзіндік себептері жоқ емес-ті. Біздің пайымымызша, хан орыс патшасының Сібір жерлерін емін-еркін билеп-төстеп жатқанын құптамады. Сібір өлкесінде

қалалар мен елді мекендердің салынуы көшпелілердің, соның ішінде қазақ руларының қоныстарын тарылтты. Ерте замандардан Сібірдің Том, Қызыл жар, Үркіт және т.б. қазақтың ата қоныстары саналған. Қазақстанның Оңтүстік-Шығысын жоңғарлардың жаулап алуының салдарынан Сібір жерлерімен шекаралық аймақтарға, Ертіс, Есіл өзендерінің орта және жоғары ағыстарына ығысқан көшпелілердің қарсылыққа тап болғандары да Тәуке ханның «ұстанымын» өзгертті. Тобылға жіберген елшісінің, яғни Келдейдің ұсталуы да ханның елшілерге «құрмет көрсетпеуіне» ықпалын тигізді. Өйткені ол Келдейден Тобылда көрсетілген құрмет турасында сұраған. Келдей орыс тұтқынында өзіне ешқандай қысымның жасалмағанын, керегі мен азық-түліктің жеткілікті болғанын жеткізген. Сонымен қатар хан мен оның айналасындардың орыс жерлеріне шабуылдарды тоқтатудың қажеттілігіне көз жеткізуге тырысқан.

Осыдан кейін орыс елшілері жүздік және қолбасшы Андрей Федрович Нарышкиннің құттықтауын жеткізіп, ханның амандығын сұраған. Тәуке хан өзінің «сексен мыңдық жасағының арқасында денінің сау» екендігін білдіріп, жауап қатқан. Федор Скибин және Матюшка Трошин келген сапарларының миссиясын мына төмендегілерді жеткізу арқылы білдерген: «1693 жылы Жамыш өенінің маңында Тәуке ханның адамдары Келдей мен Сары және оларға қоса екі жүз әскери адамдар келіп, осы жердегі қызметтегілерді найзамен шаншып, атып, тонаумен айналысты. Алайда олар қолға түсірілді. Қазақтар Тобыл уезінің Тархан қалашығына шабуыл жасап, адамдарды өлтіріп, бәрін тонап, алып кетіп, қалаға өрт қойды. Осы жылы Тәуке ханның адамдары Өтек (Утяцкая) және Қамыс (Камыцкая), Жалытар (Ялуторовская) слободаларына шабуыл жасап, үйлерлі өртеп, адамдарын өлтіріп, тонап, бәрін өздерімен бірге алып кетті. Тобыл дворяны Василий Шулгинді әскерімен бірге далада Семізкөлдің жағасында ұрып, қалған әскерилерін алып кетті. Мәртебелі патша Тәуке ханға қалалар мен слободаларға өзінің жасағымен келіп, адамдарды тонап, шауып-қиратып, өлтірмегенін талап етеді. Елшілеріне Тәуке ханның алғандарының барлығын қайтаруын, Өтек және Қамыс слободаларына келген ұрыларды іздеп табуын бұйырды. Елші ұлы мәртебелі патшаның Тәукенің өтінішімен Келдей мырзаны босатқанын және Тайқұмыр Аталықовқа құрмет көрсетіліп, жағдай жасалғандығын айта келіп, ханнан Андрей Неприпасовты босатуын сұрады» (Дополнения к актам, 1867: 376). Себебі 1692 жылы орыс үкіметі жіберген елшілікті бастап келген Андрей Неприпасовты Тәуке хан ұстап, Тобылға қайтармаған болатын.

Елшілерді тыңдағаннан кейін Тобыл уезіне шабуыл жасаған қазақтар емес, Семізкөлде Василий Шулгинді ұрып-соққан қарақалпақтар, тек Шипицын слободасына Тәуке ханның әскері Келдей мырзаны босату үшін қауіп төндіргенін айтқан. Орыс деректерінде қазақтардың Тобыл және Тар уездерінің тұрғындарына қауіп төндіргенін, мыңдаған әскердің қырып-жоюмен айналысқандарын дәлелдейтін мәліметтер бар. Қазақтар Сібір жерлеріне шабуылдарын XVII ғасырдың соңында жиілеткен еді. Оларды Археографиялық комиссияның жинақтап, жариялаған, Сібір актілерінен көрініс тапқан мәліметтер дәлелдейді. Мәселен, Тобыл әскербасы С.И. Салтыков пен А.Ф. Нарышкиннің хабарлауынша, 1691–1693 жылдары Қазақ ордасының әскери адамдары Тобыл уезінің Тархан, Жалытар (Ялуторовская), Патша (Царево), Утяцк, Чумляцк, Есілдік Коркин бекіністеріне, Воскресенск селосына және Жамыш (Ямыш) елді мекеніне шабуыл жасап, көптеген орыстың әскерилерін, татарларды, шаруаларды, салық жинаушыларды ұрып-соғып, үш ер адамды әйелдерімен, балаларымен тұтқындап алып кеткен (Материалы по истории Башкирской АССР, 1936: 95).

Елшілер Андрей Неприпасовты, Вася Кобяковты және өздері – Федор Скибин, Матвей Трошинді құрметпен босатуды да талап етті. 1691 жылы Тобылдан бояр ұлы Андрей Неприпасов және казак Василий Кобяков Түркістанға қазақ ханы Тәукеге елшілікке аттанған. Тәуке хан оларды ұстап, кері қайтармаған. Егер хан ұрлық жасағандарды, слободаларды талан-таражға салғандарды жөнге салмаса, олар қайта шабуыл жасаса орыс патшалығы Тәуке ханға және оның адамдарына қарсы соғыс ашатындықтарын ашық айтқан. Елшілердің айтуынша, бұдан кейін Тәуке хан оларға сөз бермеген. Қонақ асы мен өзге де сый-құрмет көрсетпеген. Елшілерді Андрей Неприпасовпен бірге бөлек киіз үйге орналастырып, қой мен екі пұт бидай берген. Екі елші бірнеше күн бойы Тәуке ханға хат жазған. Ал Тәуке болса хаттарын оқып, жауап қайтармаған.

1694 жылдың 15 шілдесінде Тәуке ханға Түркістанның ұлыстарынан діни адамдар келіп, Орыс елі туралы айтқан. Қазақ жасағының Сібір жерлеріне шабуыл жасап, тұрғындарына залал келтірудің бекер екендігін, бұдан кейін Ресейдің қалалары мен слободаларына соғыс ашу онымен бейбіт қарым-қатынаста тұруды болдырмайтындығын ескерткен (Дополнения к актам, 1867: 380). 1 тамызда орыс елшілері тағы да хат жолдап, өздерін босатуды өтінген. Алайда Тәуке хан оларды күзде босататынын, қазіргі уақытта далада қарақшылардың көп екендігін айтқан. Орыс елшілердің қыркүйек айының 5-індегі хатына жауап бере отырып, хан оларды көктемде босататынын жазған.

1697–1698 жылдары қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісуіне, жоңғарлардың қазақ жерлеріне ішкерілей енуіне байланысты Еуразия кеңістігіндегі ахуал күрделене түсті. Осындай жағдайда Қазақ хандығы орыс патшалығымен арақатынасты жақсарту мақсатында 1697 жылы Тәуке хан Тобылға елшілерді және оларға қоса саудагерлерді жіберді. Тәуке Тобылдағы орыс билігіне «сауда адамдары жақсы қабылданып, олар ұсталмай, ізгі ниетті хабаршымен және саудагермен бірге қайтарылсын» деген өтініш жасады. Бір жылдан кейін сауданы кеңейту мақсатында қазақ және орыс өкілдері бас қосты. 1699 жылы Тобылдағы қазақ елшісі Тәуке ханның атынан «керуенді бұрынғыдай жыл бойына неше түрлі тауарлармен жібергісі келетіндігін білдірген» (Дополнения к актам, 1867: 388).

1716 жылы қыркүйекте Қазақ хандығы тұтқындармен алмасу, қазақтар мен орыстар арасындағы әскери қақтығыстарды реттеу, орыс көпестерінің қазақтармен саудасын дамытуға қолайлы жағдай жасау, керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Тобылға Бекболат Екешов пен Байдәулет Буриев бастаған елшілікті жіберді. Елшілер Тобыл губернаторы М.П. Гагаринге шабуылдардың тоқтатылатынын, достық қатынастардың орнайтындығын, жеткізді. Қазақ хандары Қайып және Әбілқайыр Орыс мемлекетінен жоңғар қонтайшысына қарсы әскери қимылдар жасауды ұсынды (РМКАА, 122-қ. 1-т. 3-іс. 1–2-п.). Осыған жауап ретінде орыс үкіметі 1716 жылдың 14 қазанда императордың, Сібір губернаторы Матвей Петрович Гагариннің бұйрығымен Никита Белоусов бастаған елшілікті Қайып ханға достық және өзара сауда жасау үшін келіссөздер жүргізу мақсатында Қазақ Ордасына аттандырды. Елшілерге берілген нұсқауда Қайып ханға император І Петрдың сәлемін жеткізу кезінде оның орнынан тұрып, бас киімін шешіп, құрмет көрсетуіне назар аудару жөнінде жазылды. Мұның өзі қазақ хандарының елшілер алдына барған кезде оларға құрмет көрсетулері тиіс дегенді білдірді. Қайып ханға елшіден беріп жіберілген хатқа жауап беруін немесе Сібір губернаторы князь М.П. Гагаринге хат жазуын жеткізу де тапсырылды. Елші әкелген хатта Қазақ Ордасы халқының Сібір тұрғындарымен бейбіт емес жағдайда болғаны айтылды. Қайып ханның Шора Бекболатов бастаған елшілері жеткізген уәдесіне көз жеткізуде бүкіл Қазақ Ордасының мәртебелі патшамен және ұлы орыс мемлекетімен бейбіт өмір сүріп, Сібір қалаларына түрлі тауарлармен баруын, сардар Трубниковты босатуды сұрады. Қалмақ қонтайшысының патшаны тыңдамай соғыс қимылдарын жүргізіп жатқандығы айтылды. Матвей Петрович Никитаға Қайып ханға және барлық Қазақ Ордасының халқына патша ағзамның Сібір елдеріне қазақтармен жанжалдаспауды бұйырғанын жеткізуді тапсырды (Международные отношения, 1989: 238). Сонымен қатар Қазақ ордасынан шекараларға 50 адамнан өткізетіндерін, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндіктерін жеткізді. Есіл өзенінің бойындағы Елім (Илим) қалашығына келген бес қазақтың босатылатындығы, жоңғарлар мен қазақтардың арасындағы соғыс жайын қонтайшының өзі білетіндігі қоса айтылды (Международные отношения, 1989: 239). Елшінің хабарламасынан Сібір билігі осы аймаққа шабуыл жасағандарды шамалары келгенше тұтқындап отырғанын анық көруге болады. Сондай-ақ Орыс мемлекетінің Қазақ Ордасымен байланыстарын реттеуге ұмтылысы анық байқалады. Кіші жүздің ханы Қайыптың да Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуға мүдделі болған, өйткені Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін тақты Қайып хан иеленді. Қазақ Ордасының үш жүзге бөлініп, елдің бірлігі ыдырады. Үш жүздің хандары жеке-жеке билік жүргізді. Осыны пайдаланған жоңғарлар қазақ даласына шапқыншылығын үдете түсті. Уақыт өткен сайын жағдай күрделене түсті. 1716 жылы қазақ даласы жоңғарлардың жойқын соққысына ұшырады. Мұнымен қоса қазақтардың Еділ қалмақтарымен,

башқұрттармен, Сібір және Жайық казактарымен қарым-қатынастары шиеленісті. Сол себепті Ресеймен арадағы байланыстарды күшейту қажет болды. Халықаралық қатынастарда өзінің саясатын берік ұстанған Орыс мемлекеті Қазақ Елімен бейбіт қатар өмір сүруді көздеді.

1717 жылы 29 қарашада М.П. Гагарин Қайып ханға қазақ-орыс қатынастарын нығайтуды ұсынған хат жолдады. Хатта Н. Белоусовтың Қайып ханның Ресей мемлекетімен достық қатынаста болғысы келетіндігін жеткізгені айтылды. «Ұлы мәртебелі патшаның бұйрығымен Сібір тұрғындары сіздің адамдармен жанжалдаспай бейбіт қатынаста болады» дегеннің өзі екі елдің де өзара тату қарым-қатынастарды сақтағылары келетіндігі дегеннен біраз жайтты аңғаруға болады (Международные отношения, 1989: 245).

1718 жылы 1 мамырда Қайып хан М.П. Гагаринге өзінің, Әбілқайыр ханның, Мамай, Батыр сұлтандардың және барша Алаш ұлыстарының атынан елші Елмет Баулуков бастаған адамдары арқылы хат жіберді. Хатта башқұрттардың казактардың бір жарым мың жылқысын ұрлағаны, соларды қайтару жөнінде башқұрттарға бұйрық беруін өтінді. Өздерінің бейбіт өмір сүріп жақтандарын, оған құдай куә екенін айта келе «кім жақсылық жасаса соның сақалы ағарады, жамандық істесе сақалы түседі. Оқымысты адамның соңынан хаты қалады, жақсы адамның артынан атағы», - деп жазды. Князьдың айтқанынан шықпайтындарын, оған бас иетіндерін жеткізді (Эпистолярное наследие, 2014: 95–96). Қайып хан 1718 жылдың 28 қазанында М.П. Гагаринге хат жазып, тағы да елші жіберді. Хан ордасына орыс елшілері Борис да Кабай жасауыл мен Тимган Мергеннің адамдарымен аман-есен келгенін, олармен кездескенін, князьдың хатын, сыйлықтарын алып қуанып қалғанын баяндады (Эпистолярное наследие, 2014: 96–97).

Сол жылдың 10 желтоқсанында Қайып хан Ресей императоры І Петрге хат жолдады. Хатында орыс елшілері Федор Жилин мен башқұрттардың және қазақ Тоғынұр Құлтыбаевтың, босатылған Малдыбай Елболдиннің келгенін, өздерімен патшаның хатын әкелгендігін қуана баяндаған. Сейіт есімді ұрының табылмай жатқанын айта келе оны ұстауды өзінің ұлы Құдайберді сұлтанға тапсырылғанын жеткізді. Қазақтар орыс жерлеріне рұқсатсыз барып, тонаушылықпен, ұрлықпен айналысатындарды патшаның басқаларға сабақ болуы үшін өлтіруге бұйрық беруін сұраған. Егер сондайлар қазақ жерлеріне келсе көздерін жоятынын ашық жазған. Осындай мазмұндағы хаттары Қайып хан орыс патшасына 1718 жылдың 21 тамызында, 7 қазанында, жолдаған (Эпистолярное наследие, 2014: 97–98, 105). Сондай-ақ мәртебелі патшадан қонтайшыға баруын өтінген. Қазақтардың жалғыз жауы жоңғарлар екенін айқан (Эпистолярное наследие, 2014: 97–98).

Әйтсе де Сібір уездеріне казактардың шабуылдары тоқтағанның орнына жиіледі. 1718 жылы желтоқсанда Царев қалашығының әскербасшысы Парфентьев Тобылға Есіл өзенінің жағалауларындағы орыс слободаларына Қазақ ордасының адамдары келіп, ұсақ кәсіпшіліктерде, тұзды көлдерде, сыра дайындайтын орындарда қызметшілерді ұрып, тұтқындап әкетті», - деп хабарлаған (РМКАА, 130-қ. 1-т. 4-іс. 2-п.). Осындай мәлімдемелерге байланысты ресейлік тарихи деректерде казактар жағымсыз сипатталды. Мәселен, Григорий Спасскийдің жинағында «Чулым және Июсов жерлерінен Абаканға дейінгі аралықта өмір сүрген қырғыздардың, яғни казактардың орыс селениелеріне жасаған шабуылдары және опаздықтарымен Сібір тарихында атағы шықты. Өздерінің батылдығы оларға қымбатқа түсті. Ақырында отырған жерлерін қалдыруға мәжбүр болды», - деп жазылған (Собрание, 1818: 29).

Қалыптасқан саяси ахуалға қарамастан Ресей мен Қазақстан арасында елшілік алмасулар толастамады. Достық қатынастарды орнатуға орыс мемлекеті де, Қазақ хандығы да зәру еді. Ресей ортаазиялық мемлекеттермен сауда байланыстарын күшейтіп, ары қарай парсы, үнді еліне шығуды көздеді. Ал Қазақ ордасына жайлы жайылымдар, көрші елдермен бейбіт қатынастар орнату тиімді болды. Сондықтан да екі ел бір біріне елшілерін аттандырды. Баса айтатын жайт, Ресей географиялық және этнографиялық экспедицияларды ұйымдастыру арқылы қазақ жерлерін ғана емес оның саяси, әлеуметтік, шаруашылық жағдайын білуді мақсат етті. Осы орайда 1714–1716 жылдары Трушниковтың Солтүстің Тибетке, 1719 жылы Колмаков, Урусов және Сомовтың Зайсан, Қара Ертіс, Жоңғар еліне жасаған экспедициялары орыс үкіметін казактар туралы мәліметтермен қамтамасыз етті.

Қазақ ордасында екі жыл болған «Қазақ Одисейі» атанған Ф. Скибин бастаған елшілік орыс үкіметіне қазақ даласының табиғаты, табиғи байлығы, хандықтың саяси басқаруы, шаруашылығы, қалалары, қала мәдениеті, әлеуметтік құрылымы, салт-дәстүрі туралы маңызды мәліметтер жеткізді (Посольские материалы, 2005: 380–386). Тобылдан Қазақ ордасына әкелетін жол жөнінде ақпарат берді. Ол Орталық Азияға апаратын сауда жолдарының бірі еді. Ф. Скибин жинақтаған мәліметтердің көпшілігі С.У. Ремезовтің сызбаларынан көрініс тапты.

Қорытынды. Осылайша, XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басындағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының тарихын зерделеу нәтижелері бұл мәселенің толыққанды зерттелмегендігін дәйектеді. Қазақстанның көрші елмен қарым-қатынастары тарихын зерттеуде ғылыми айналымға енгізілмеген бірегей деректердің бар екендігі анықталды. Мұндай деректер қазақ-орыс қатынастарының бағытын, ел билеушілерінің мүдделерін, қазақтардың Сібір аумағына шабуылдарының себептерін айқындаудың бұлтартпас айғақтары болып табылады. Дегенмен өз заманында жазылған орыс деректерін сыни көзқарас тұрғысынан талдаудың қажеттілігі де байқалады. Сонымен қатар қазақ-орыс қатынастары тарихының беймәлім беттерін анықтай отырып, мәселені тарихи сабақтастықта, хронологиялық ретте кешенді түрде зерттеудің тек ғылым үшін ғана емес болашақ көршілік байланыстарды нығайту мақсатында маңызды екендігіне көз жеткізілді.

Көрсетілген кезеңдегі қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарын зерделеудің нәтижелері Азия елдеріне апаратын «кілт және қақпа» болып саналған Қазақ хандығымен қарым-қатынастың Ресей мемлекеті үшін маңызын қайта ой елегінен өткізудің қажеттілігін көрсетіп берді. Өз кезегінде Орта Азия хандықтары мен жоңғарларға қарсы күресте Ресейті одақтас ретінде көргісі келген Қазақ Елінің ұстанымдарын жаңа тарихи таным тұрғысынан зерделеу маңызды.

Sources

RSAAA — Russian State Archive of Ancient Acts

Дереккөздер

РМКАА — Ресей мемлекеттік көне актілер архиві

References

Abuev, 2016 — *Abuev K.K.* Sibirskoe khanstvo v kontekste kazakhsko-russkikh otnoshenii [The Siberian Khanate in the Context of Kazakh-Russian Relations]. Kokshetau: KGU im. Sh. Ualikhanova, 2016. 184 p. (In Russ.).

Allworth, 2017 — *Allworth E.* Rossiia: proryv na Vostok. Politicheskie interesy v Srednei Azii [Russia: Breakthrough to the East. Political Interests in Central Asia]. Trans. from English by L.A. Igorevskii. M.: IP Lysenko A.D. PRESS BOOK.RU, 2017. 382 p.

Atygaev, 2023 — *Atygaev N.* Kazakhskoye khanstvo: ocherki vneshnepoliticheskoi istorii XV–XVII vekov [The Kazakh Khanate: Essays on the Foreign Policy History of the 15th–17th Centuries]. Almaty: Evraziiskii nauchno-issledovatel'skii institut MKTU im. Kh.A. Yasavi, 2023. 225 p. (In Russ.).

Basin, 1971 — *Basin V.Ya.* Rossiia i kazahskie khanstva v XVI–XVIII vv. (Kazakhstan v sisteme vneshnei politiki Rossiiskoi imperii) [Russia and the Kazakh khanates in the 16th–18th centuries (Kazakhstan in the foreign policy system of the Russian Empire)] Alma-Ata: Nauka Kazakhskoi SSR, 1971. 275 p. (In Russ.).

Bukanova, Bondarenko, 2021 — *Bukanova R.G., Bondarenko Yu.V.* Rossiisko-kazahskie otnosheniia v XVI–XIX vv. [Russian-Kazakh Relations in the 16th–19th Centuries]. Vestnik Akademii nauk Respubliki Bashkortostan. Istoricheskie nauki. 2021. Vol. 40, No. 3(103). Pp. 51–58. (In Russ.).

Dopolneniia k aktam istoricheskim, 1867 — *Dopolneniia k aktam istoricheskim, sobrannye i izdannye Arkheograficheskoi komissiei* [Supplements to the historical documents collected and published by the archaeological commission]. Vol. 10. St. Petersburg: Tipografiia Eduarda Pratsa, 1867. 504 p. (In Russ.).

Dzhamolov, 1966 — *Dzhamolov K.* K voprosu o torgovykh putiakh, svyazyvavshikh Sredniuiu Aziyu s Rossiei v XVII v. [On the issue of trade routes connecting Central Asia with Russia in the 17th century] Voprosy istorii SSSR. Seriya istoricheskikh nauk. Dushanbe, 1966. Issue 2. Pp. 271–294. (In Russ.).

Ibragimov, 1958 — *Ibragimov S.K.* Iz istorii vneshnetorgovykh svyazei kazakhov v XVIII v. [From the history of foreign trade relations of the Kazakhs in the 18th century] Uchenye zapiski Instituta vostokovedeniia. Vol. XIX. M.: AN SSSR, 1958. Pp. 39–54. (In Russ.).

Iz istorii Kazakhstana, 2020 — *Iz istorii Kazakhstana* (XVIII – nachalo XIX vekov). Kollektivnaia monografiia. From the history of Kazakhstan (18th – early 19th centuries). Coll. Monograph. Ed. by M.Zh. Abdirov, A.I. Izbairov, Z.E. Kabuldinov. Almaty: IP “Bazarbaeva”, 2020. 592 p. (In Russ.).

Kabuldinov, 2001 — *Kabuldinov Z.E.* O nabegakh kazakhov Srednego zhuza na vnutrenniuiu storonu v XVII – kontse XVIII vekov [About the raids of the Kazakhs of the Middle Zhuz on the interior in the 17th – late 18th centuries.]. Omsk: OmGAU, 2001. 12 p. (In Russ.).

Kameneckii, 2025 — *Kameneckii I.P.* Posol’skaia missiia sibirskogo kazaka Fedora Skibina v Kazakhskuiu Ordu v 1694–1696 godakh [Ambassador’s Mission of the Siberian Cossack Fyodor Skibin to the Kazakh Horde in 1694–1696]. Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 4: Istoriia. Regionovedenie. Mezhdunarodnye otnosheniia. 2025. Vol. 30. No. 1. Pp. 18–29. (In Russ.).

Kirgizskaia step’, 1893 — *Kirgizskaia step’*, Sredniaia Aziia i Severnyi Kitai v XVII–XVIII stoletiiakh. Izyskaniia polkovnika G.E. Katanaeva [The Kirghiz Steppe, Central Asia, and Northern China in the 17th–18th Centuries. Research by Colonel G.E. Katanaev]. Book 14, Issue 1. Omsk, 1893. 72 p. (In Russ.).

Knyazheckaia, 1980 — *Knyazheckaia E.A.* Puteshestvie kazaka Fedora Skibina v Kazach’iu Ordu v 1694–1696 gg. [The Journey of the Cossack Fyodor Skibin to the Kazakh Horde in 1694–1696]. In: Strany i narody Vostoka. Issue 22. Book 2. Moscow: Vostochnaia literatura, 1980. Pp. 66–73. (In Russ.).

Materialy po istorii Bashkirskoi ASSR, 1936 — *Materialy po istorii Bashkirskoi ASSR*. [Materials on the history of the Bashkir ASSR]. Part 1. Moscow–Leningrad: AN SSSR, 1936. 631 p. (In Russ.).

Materialy po istorii, 1932 — *Materialy po istorii* Uzbekskoï, Tadzhikskoi i Turkmenskoi SSR [Materials on the history of the Uzbek, Tajik and Turkmen SSRs. Part 1. Trade with the Moscow State and the international position of Central Asia in the 16th–17th centuries]. Part 1. Leningrad: AN SSSR, 1932. (In Russ.).

Medeubaeva, 2006 — *Medeubaeva J.M.* Khalyqaralyq qatynastar teoriiasy. Oqu quraly [Theory of International Relations. Textbook]. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Euraziia Ultyq Universiteti, 2006. 98 p. (In Kaz.).

Mezhdunarodnye otnosheniia v Tsentral’noi Azii, 1989 — *Mezhdunarodnye otnosheniia v Tsentral’noi Azii*. XVII–XVIII vv.: dokumenty i materialy [International relations in Central Asia. XVII–XVIII centuries. documents and materials]. Book 1. M.: Nauka, 1989. 275 p. (In Russ.).

Miller, 1941 — Miller G.F. Istoriia Sibiri [History of Siberia]. In 2 vols. Vol. 2. M. – L.: AS SSSR, 1941. 624 p. (In Russ.).

Moiseev, 1991 — *Moiseev V.A.* Dzhungarskoe khanstvo i kazakhi (XVII–XVIII vv.) [The Dzungar Khanate and the Kazakhs (17th–18th Centuries)]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 238 p. (In Russ.).

Pamiatniki Sibirskoi istorii, 1882 — *Pamiatniki Sibirskoi istorii* XVIII veka. Book 1 (1700–1713) [Monuments of Siberian history of XVIII century]. St. Petersburg: Tipografiia Ministerstva vnutrennikh del, 1882. 551 p. (In Russ.).

Pankov, 1927 — *Pankov A.V.* K istorii trgovli Srednei Azii s Rossiei XVI–XVII vv. [On the history of trade between Central Asia and Russia in the 16th–17th centuries]. Tashkent, 1927. 47 p. (In Russ.).

Puzanov, 2017 — *Puzanov V.D.* Russkoe gosudarstvo i kazakhi v Sibiri v kontse XVII – nachale XVIII v. In: Aziatskaia Rossiia: problemy sotsial’no-ekonomicheskogo, demograficheskogo i kul’turnogo razvitiia (XVII–XXI vv.) [The Russian state and the Kazakhs in Siberia in the late 17th – early 18th centuries.//Asian Russia: problems of socio-economic, demographic and cultural development (17th–21st centuries).]. Proceedings of the International Conference. Novosibirsk: Parallel, 2017. Pp. 387–392. (In Russ.).

Sabyrkhanov, 1965 — *Sabyrkhanov A.* Kazakhskoruskie otnosheniia v 50–90-kh gg. XVIII v. [Kazakh-Russian Relations in the 1750–1790s]. Extended abstract of Cand. Sci. (History) dissertation. Alma-Ata, 1965. 139 p. (In Russ.).

Sobranie, 1818 — *Sobranie* istoricheskikh, statisticheskikh i drugikh svedenii o Sibiri i stranakh, sopredel’nykh onoi. A collection of historical, statistical, and other information about Siberia and its neighboring countries. Published by Grigory Spassky. Part 1. St. Petersburg, 1818. (In Russ.).

Epistoliarное nasledie, 2014 — *Epistoliarное nasledie* kazakhskoi praviashchei elity 1675–1821 gg. Sbornik istoricheskikh dokumentov [Epistolary Heritage of the Kazakh Ruling Elite 1675–1821. A Collection of Historical Documents in 2 volumes]. In 2 vols. Comp. and ed. by I.V. Erofeeva. Almaty: ABDI Kompani, 2014. 696 p. (In Russ.).

Әдебиеттер тізімі

Абуев, 2016 — *Абуев К.К.* Сибирское ханство в контексте казахско-русских отношений. Кокшетау: КГУ им. Ш. Уалиханова, 2016. 184 с.

Аллворт, 2017 — *Аллворт Эдвард* Россия: прорыв на Восток. Политические интересы в Средней Азии. Пер. с англ. Л.А. Игоревский. М: ИП Лысенко А.Д. PRESS BOOK. RU, 2017. 382 с.

Атыгаев, 2023 — *Атыгаев Н.* Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV–XVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023. 225 с.

Басин, 1971 — *Басин В.Я.* Россия и казахские ханства в XVI–XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). Алма-Ата, Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1971. 275 с.

Буканова, 2021 — *Буканова Р.Г., Бондаренко Ю.В.* Российско-казахские отношения в XVI–XIX вв. //Вестник Академии наук Республики Башкортостан. Исторические науки. Т. 40, № 3(103), 2021. С. 51–58.

Дополнения к актам историческим, 1867 — *Дополнения к актам историческим* собранные и изданные археографическою комиссией. Т.10. – СПб: в типографии Эдуарда Праца, 1867. 504 с.

- Джамолов, 1966 — *Джамолов К. К.* К вопросу о торговых путях, связывавших Среднюю Азию с Россией в XVII в. // Вопросы истории СССР. Серия исторических наук. Вып. 2. Душанбе, 1966. С. 271–294.
- Ибрагимов, 1958 — *Ибрагимов С.К.* Из истории внешнеторговых связей казахов в XVIII в. // Ученые записки института востоковедения. Т. XIX. Вопросы истории и филологии народов Востока. М., Изд-во АН СССР, 1958. С. 39–54.
- Из истории Казахстана, 2020 — Из истории Казахстана (XVIII – начало XIX веков). Коллек. монограф. М.Ж. Абдиров, А.И. Избаиров, З.Е. Кабульдинов. Алматы: Изд-во ИП «Базарбаева», 2020. 592 с.
- Кабульдинов, 2001 — *Кабульдинов З.Е.* О набегах казахов Среднего жуза на внутреннюю сторону в XVII – в конце XVIII веков. Омск, Изд-во ОмГАУ, 2001. 12 с.
- Каменецкий, 2025 — *Каменецкий И.П.* Посольская миссия сибирского казака Федора Скибина в Казахскую Орду в 1694–1696 годах // Вестник Волоградского государственного университета. Серия 4, История. Регионоведение. Международные отношения. 2025. Т. 30. № 1. С. 18–29. [электронды ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/posolskaya-missiya-sibirskogo-kazaka-fedora-skibina-v-kazahskuyu-ordu-v-1694-1696-godah/viewer>
- Киргизская степь, 1893 — *Киргизская степь, Средняя Азия и Северный Китай* в XVII–XVIII столетиях. Изыскания полковника Г.Е. Катанаева. Кн. 14, вып. 1. Омск, 1893. 72 с.
- Княжецкая, 1980 — *Княжецкая Е.А.* Путешествие тобольского казака Федора Скибина в Казачью Орду в 1694–1696 гг. // Страны и народы Востока. Вып. 22. Кн. 2. Под. общ. ред. Д.А. Ольдерогге. М.: Изд-во «Наука», 1980. С. 66–73.
- Материалы по истории Башкирской АССР, 1936 — *Материалы по истории Башкирской АССР*. Часть 1. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1936. 631 с.
- Материалы по истории, 1932 — *Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР*. Ч. 1. Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI–XVII вв. Л., Изд-во АН СССР, 1932. 409 с.
- Медеубаева, 2006 — *Медеубаева Ж.М.* Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. 2006. 98 б.
- Международные отношения в Центральной Азии, 1989 — *Международные отношения в Центральной Азии*. XVII–XVIII вв. документы и материалы. Кн. 1. М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1989. 275 с.
- Миллер, 1941 — *Миллер Г.Ф.* История Сибири. В 2-х томах. Т. 2. М.-Л., Изд-во АН СССР, 1941. 624 с.
- Моисеев, 1991 — *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата: Гылым, 1991. 238 с.
- Памятники Сибирской истории, 1882 — *Памятники Сибирской истории XVIII века*. Кн. 1. 1700–1713. Петербург: типография Министерство внутренних дел. 1882. – 551 с.
- Панков, 1927 — *Панков А.В.* К истории торговли Средней Азии с Россией XVI–XVII вв. Ташкент: Издание общества для изучения Таджикистана и иранских народностей за его пределами, 1927. 47 с.
- Пузанов, 2027 — *Пузанов В.Д.* Русское государство и казахи в Сибири в конце XVII–начале XVIII в. // Азиатская Россия: проблемы социально-экономического, демографического и культурного развития (XVII–XXI вв). Материалы междунар. науч. конф. Отв. ред. В.А. Ламин. Новосибирск: Параллель, 2017. С. 387–392.
- Сабырханов, 1970 — *Сабырханов А.* Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (Қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). Алматы: ҚазССР-нің «Гылым» баспасы, 1970. 139 б.
- Собрание, 2014 — *Собрание исторических, статистических и других сведений о Сибири и странах сопредельных оной*. Издано Григорием Спасским. Часть 1. СПб, 1818.
- Эпистолярное наследие, 2014 — Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах/ Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. 696 с.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A. FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE)	7
Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A. THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M. THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

HISTORY

Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A. KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
Barin E., Satayeva B. THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R. THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
Zholdassuly T., Madelkhanova M. THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H. SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	111
Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M. FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	125
Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E. DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	139
Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M. AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	155
Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh. POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	169
Mukhatova O.Kh., Seffat D. KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES	182
Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z. FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	195
Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye. SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	211
Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A. KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	241
Teleuova E.T., Zhumadil A.K. THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	256

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O. KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	270
Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A. THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	282

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	7
Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....	36

ТАРИХ

Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	46
Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....	62
Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	79
Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....	95
Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	111
Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....	125
Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....	139
Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....	155
Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....	169
Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	182
Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....	195
Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....	211
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	241
Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	256

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	270
Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....	282

СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....	7
Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....	36

ИСТОРИЯ

Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....	46
Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	62
Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....	79
Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....	95
Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	111
Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....	125
Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....	139
Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....	155
Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....	169
Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....	182
Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....	195
Нурпенсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....	211
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....	241
Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....	256

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	270
Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....	282

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13 (1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй